



## Қара нардай ағалар

Бүгінде 60 жылдық мерейтойын атап өткен Екібастұз қаласының бір қасиеті, ол құшағына еңбекқор адамдарды тарта білді. Еңбексүйгіш адамдар өздерінің жүректерінің жылуын, жастық жігерлерін, қабілеттерін осы қалаға жұмсады. Сондай жандардың бірі менің ағам Саясат Сушин еді.

Саясат Қыдырбайұлы 1956 жылғы маусым айында кенішке геолог болып қызметке орналасу үшін құжаттарын тапсырды. Технологияны жетілдіру жолында тер төкті.

1968 жылы көмір тасымалдау ісінде паровоздардың орнын электровоздар басты. Саясат ол кезде тау кен мастері еді. «Западная» кеніші ашылған соң, бұрынғы «Центральный» кеніші мен осы «Западная» екеуі «УТКиС» (техникалық бақылау және стандарттау басқармасы) атты мекеменің қоластына бірігіп, Саясат осында бас инженер болды. Кейін «Западная» кенішіне қарасты «Ударная» станциясында бас инженер болып, осы жерден зейнетке шықты.

Әулетіміздің тағы бір еңбекқор

азаматы Жұмажан Сушин болса 1953 жылдан бастап Шөптікөл көмір кенішінде экскаваторшы болды. Есімде қалғаны, ол 1956 жылдары пневматикалық экскаватормен көмір тиеп, қара терге түсетін. Мұндай экскаватор қыста қатып қалып, әуреге салатын. Адал еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденін, «Шахтер даңқы» белгісін, «Социалистік жарыс үздігі» белгісін тақты. Шөптікөлде үйленіп, отбасын құрды. Қазір екі баласы әкелері Жұмажанның жолын қуып, «Шығыс» кенішінде еңбек етуде.

Жұмаділда Сушин



Жұмажан Сушин

Саясат Сушин